

# ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ-2024

✔ Спорт нұсқаушысы Нарбаев Мереке денешынықтыру пәні мұғалімдерімен бірлесіп "Денсаулық фестивалі-2024" фестивалін ұйымдастырды. Оқушыларға апта көлемінде түрлі таңғы жаттығулар ұйымдастырды.

✔ Мақсаты: денсаулықты сақтау мен нығайту, дұрыс дене жаттығуларымен тұрақты айналысу, зиянды әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстануға жас ұрпақтың назарын аудару.



# 🏃‍♂️🏃‍♀️ МАРАФОН 🏃‍♀️🏃‍♂️

🏃‍♂️🏃‍♀️ Бүгін мектебімізде бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында оқушыларды салауатты өмірді сақтау және оны іске асыру мақсатында денешынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен 9-11-сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықпен есірткі бизнесіне күрес тақырыбында 3000 метрге жүгіру МАРАФОНЫН ұйымдастырды.

🏃‍♂️🏃‍♀️ Оқушылар марафонға белсенді қатысып, жүзден жүйрік келген оқушылар медальдармен марапатталды.



# ВОЛЕЙБОЛ

🏐 "Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп" комуналдық мемлекетік мекемесі "Бір тұтас тәрбие аясында денешынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылар арасында Волейболдан турнир болып өтті.

🏐 Турнирдің мақсаты жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбат екендігін, салауатты өмір салтын насихаттау.



# ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ(ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА)



Ұлттық лиганың мақсаты-оқушыларды

денешынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;



Білім алушылар арасында спорт түрлерін танымал ету және спортта дарынды балаларды анықтау;

Әшірбек Сығай мектеп базасында Сауран ауданының мектептері арасында 02.10.2024 жылы жеңіл атлетикадан финалдық кезеңде 2000метр қашықтыққа ( кросстан) жүгіруден Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің 9-11- сынып оқушылары финалдық жарыста 2-орын алды.



Жетекшісі Мереке Нарбаев. Жеңістеріңіз құтты болсын.



🏆 ҚР Асық ату және ҚР Тоғызқұмалақ спорт спорты федерацияларының қолдауымен өткен байрақты бәсекеге Алматы, Ақ мола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласынан келген ұстаздар өзара сынға түсіп, шеберлік байқасты.

🏅 Мектебіміздің денешынықтыру пәні мұғалімдері 50-59 жас аралығында тоғызқұмалақтан Мырзалиев Маулен, 30-39 жас аралығында тоғызқұмалақтан Нарбаев Мереке 3-орынға ие болды, Жиенбаев Ержан 40-49 жас аралығында асық атудан қатысып үздік денешынықтыру пәні мұғалімі номинациясы дипломмен марапатталды.

🏆 Жүлдегер атанған ұстаздарымыз ҚР Асық ату және ҚР Тоғызқұмалақ спорты федерацияларының дипломдары, медаль, төсбелгілермен марапатталды.



## AUYL SPORT – 2024

🏆 12-13 қазан күндері Түркістан қаласында Түркістан облысының ауыл балалары арасында "AUYL SPORT – 2024" ауыл балалары арасындағы спортты дамыту мақсатында спорттың 6 түрінен лига өткізілді.

🏆 Мақсаты: бұқаралық спортты дамыту арқылы, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Ауыл балалары мен жасөспірімдерінің спорттық шеберлігін шыңдау; ауыл балалары мен жасөспірімдері арасындағы спорттық жарыстардың тұрақты бірыңғай жүйесін құру.

🏆 Жоба аясында еліміздің 12 мыңға жуық ауыл балалары қатысты. Шахматтан 10 жасқа дейінгі қыздар арасында өткен лигада 5 "Ә" сынып оқушымыз Рахымбай Зере облыс көлемінде 3-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

🏆 Жарайсың, Зере! Жеңісің құтты болсын!

[#шахматлига](#)

[#ауылспорт2024](#)



🏆🏆🏆 "Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп" КММ- де "Бір тұтас тәрбие " жобасы аясында 9-11- сынып оқушылары арасында мектепішілік футбол ойыны болып өтті. Ойынға 9-11-сынып оқушыларынан төрт команда қатысты. Турнир өте тартысты болып, Қыран командасы жүлделі I орын алды.

🏆🏆🏆 10-сынып оқушысы Ергенбай Мирас "Үздік шабуылшы " номинациясымен , 10-сынып оқушысы Тұрсынбаев Рустамбек "Үздік қорғаушы" номинациясымен, "Үздік қақпашы" номинациясын Шайзулла Әсет жеңіп алды.



# 📖 ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

\* 📖 V Дүниежүзілік көшпенділер\* ойындарын қолдау аясында \*9 қыркүйек\* "Тоғызқұмалақ күніне" орай Гиннес рекордын орнату мақстында Сауран ауданы білім бөліміне қарасты Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің тоғызқұмалақ үйірмесінің оқушылары атсалысуда. Біз V Дүниежүзілік көшпенділер ойынын қолдаймыз.

📖 "Тоғызқұмалақ ойыны да шахмат, дойбы ойындары сияқты тапқырлықты, мол фантазияны талап етеді. Алайда бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек.(Т.Сұлтанбеков)

**#тоғызқұмалақ**  
**#рекордтаркітабы**  
**#9qq #9qqrecord**



## ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР

🏐 Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің пән мұғалімдер арасында 25 қазан Республика күніне орай денешынықтыру нұсқаушысы Нарбаев Мереке волейболдан турнир ұйымдастырды.

🏆 Турнирдың мақсаты: Республика күнін атап өту және мерекелік көңіл - күйді нығайту; Мұғалімдер арасында спорттық шараларды насихаттау; Салауатты өмір салтын ұстану, достық қарым-қатынас орнату .

Турнирге 6 команда қатысты. Жарыс тартысты өтті.

🥇 1-орын "Ізгілікті пәндер" командасы.

🥈 2-орын Инклюзивті орталық ассистенттерінен құралған команда

🥉 3-орын Физика/информатика /Тарих бірлестігінен құралған команда алды.

🏆 Ең ұйымшыл номинациясы Қазақ тілі бірлестігі

🏆 Көрермен көзайымы номинациясын Ағылшын тілі пәні бірлестігі

🏆 Үздік ойыншы номинациясымен Омарова Гүлжан, Ергешбай Жұлдызай, Рысбекова Нигара марапатталды.



бірлестігінен құралған команда алды.

🏆 Ең ұйымшыл номинациясы Қазақ тілі бірлестігі

🏆 Көрермен көзайымы номинациясын Ағылшын тілі пәні бірлестігі

🏆 Үздік ойыншы номинациясымен Омарова Гүлжан, Ергешбай Жұлдызай, Рысбекова Нигара марапатталды.



## Мектеп мақтаныштары

🏆 Ұлттық мектеп лигасы аясында, асық ату және бес асық ұлттық ойынынан аудандық кезеңде мектебімізден қатысқан 5-6- сынып ұлдар командасы асық атудан 🥉 -орын жетекшісі Сапаров Дарын, 7-8 сынып ұлдар командасы асық атудан 🥈 -орын, 9-11-сынып қыздар бес асықтан 🥉 -орын жетекшісі Нұрходжаев Бақыт 9-11-сынып ұлдар командасы асық атудан 🥉 -орын жетекшісі Мырзалиев Маулен ие болды. Жұлделі орындарға ие болған оқушыларымыз бен жетекшілерін құттықтаймыз!



# Ұлттық мектеп лигасы

🏐 Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриоттық сезімді ояту және денсаулықты нығайту спорттық ізбасарларды қалыптастыру, дарынды ойыншыларды табу.

🏐 Волейболдан 7-8 сынып ұлдар командасы аймақтық іріктеу жартысында Т. Айтжанов мектебі 1-орын алып, ақтық ойын жолдама алды. Аудандық ақтық ойында жүлделі 🏆 -орынға ие болды!

🏐 Жетекшісі: денешынықтыру нұсқаушысы Нарбаев Мереке



## Ұлттық мектеп лигасы

🏐 Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриоттық сезімді ояту және денсаулықты нығайту спорттық ізбасарларды қалыптастыру, дарынды ойыншыларды табу.

🏐 Волейболдан 7-8 сынып ұлдар командасы аймақтық іріктеу жартысында Т. Айтжанов мектебі 1-орын алып, ақтық ойын жолдама алды. Аудандық ақтық ойында жүлделі 🏆 -орынға ие болды!

🏐 Жетекшісі: денешынықтыру нұсқаушысы Нарбаев Мереке




✓ Ұлттық мектеп лигасы аясында  
03.12.2024ж күнге белгіленген Т.  
Айтжанов мектебінің спорт базасында  
Шахмат және Тоғызқұмалақ ұлттық  
ойынынан аймақтық іріктеу сайысы өтті.  
Шахматтан 7-8 сыныптар командасы  
аймақтық ойында 1-ші орынға ие болып,  
финалға жолдама алып, финалдық  
ойында жүлделі 🏆 -орынға ие болды!  
Жетекшісі: Ибрагимов Мұрат

✓ Тоғызқұмалақ ұлттық ойынында  
аймақтық кезеңде 7-8 сыныптар және  
9-11 сыныптар командасы 1-орынға ие  
болып, финалға жолдама алып, Финалдық  
ойында 7-8 сыныптар командасы 1-орын  
үшін таласқан ойында жүлделі 🏆 -орынға  
ие болса, 9-11 сыныптар командасы  
жүлделі 🏆 -орынға тұрақтады.  
Жетекшісі: Мырзалиев Маулен.  
Толағай табыстарымыз көп болсын!  
Мектебіміздің абыройы арта берсін.



# Ұлттық мектеп лигасы

Сауран ауданы білім бөліміне қарасты Т. Айтжанов мектебінің оқушылары Ұлттық мектеп лигасы Ұшқыр доп(Гандбол) бойынша 9-11 сынып қыздар командасы  -орын алды. Жетекшісі: Сапаров Дарын



## Көңілді эстафета

🏃➡️🏀 Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің 3”б” сыныбының денешынықтыру пәнінің мұғалімі Ергенбай Әділет 2024-2025 жылғы мектептің оқу жоспарына сәйкес 2025 жылдың 07 ақпанда “Эстафеталық ойындар” атты спорттық сайысы өткізілді.

🏃 Мақсаты: қатысушылардың командалық жұмыс дағдыларын дамыту, физикалық қабілеттерін жақсарту, жылдамдық пен координацияны жетілдіру, сонымен қатар жеңіске жету үшін жауапкершілік пен ынтымақтастықты нығайту. Бұл ойындарда түрлі кедергілер мен тапсырмалар арқылы денсаулықты нығайту, ұжымдық рухты көтеру және спорттық шаралар арқылы белсенді өмір салтын насихаттау мақсат етіледі.

🖋️ Ойынға қатысқан оқушылар Алғыс хатпен марапатталды.



# СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР

Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде Денешынықтыру нұсқаушысы М. Нарбаев пен денешынықтыру пәні мұғалімі Х. Исаевтың ұйымдастыруымен Ауғанстан республикасынан Кеңес әскерлерінің шығарылуына 36 жыл толуына орай өтетін "Ерлікке тағзым-ұрпақ парызы" атты он күндік іс шара аясында 9-11 сыныптар арасында спорттық сайыстар ұйымдастырылды! Гир көтеру, қол күрес, және арқан тартыс сайыстары болды.

Гир көтеру сайысында

- 🥇 -орын 11-сынып Сейілбек Дәулет
- 🥈 -орын 9-сынып Әбдіқадыр Данат
- 🥉 -орын 10-сынып Алым Мейрамбек

Қол күрес сайысында

- 🥇 -орын 11-сынып Әнішбек Ерболат
- 🥈 -орын 10-сынып Тұрсынбай Розбай
- 🥉 -орын 9-сынып Бұқарбай Марғұлан

Арқан тартыс сайысында

- 🥇 -орын 9а-сыныбы
- 🥈 -орын 11а-сыныбы
- 🥉 -орын 10в-сыныбы

1-2-3 орын алғандар дипломдармен марапатталды!



## ШЫМЫРЛЫҚ ПЕН ШЕБЕРЛІК

🏆 Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 18 наурыз күні денешынықтыру пәні мұғалімдері мен денешынықтыру нұсқаушысы Нарбаев Мерекенің ұйымдастыруымен 9-10 сынып ұлдарының арасында "Шымырлық пен шеберлік" тақырыбында ұлттық ойындардан сайыс өтті.

🏆 Сайыстың мақсаты: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұлттық ойындарды дамыту. Оқушылардың бойында патриоттық сезімді ояту және ынтымақтастықты нығайту.

Сайысқа 5 команда қатысты. Сайыста "Асық ату", "Ләңгі ойнау", "Арқан тартыс" сынды 3 кезеңнен тұрды.

Сайыс қызықты әрі тартысты өтті.

Жеңімпаздар Алғыс хаттар мен марапатталды.



# ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ - БЕКЗАТ САТТАРХАНОВ

🏆 Бүгін 4 сәуір Олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановтың туылған күніне орай Т. Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің

6-7- сынып оқушылары арасында футболдан турнир өтті.

🏆 Турнирдің мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру және достық қарым-қатынасты нығайту.

🏆 Жарысқа 6 "А", 6 "Ә", 6 "Б", 6 "В", 7 "А", 7 "Ә", 7 "Б", 7 "В" сыныптары қатысып,

🥇 -орын 7 "Б" сыныбы, 🥈 -орын 7 "Ә" сыныбы, 🥉 -орын 6 "Ә" сыныбы ие болды.



## ҰСТАЗ БАРЫСЫ - 2025

🏆 Сауран ауданының білім бөлімі,  
Түркістан облысы білім басқармасының  
«Білім беруді дамыту орталығы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
01.04.2025 жылғы №494 шығыс хатына  
сәйкес, Сауран ауданының жалпы білім  
беретін ұйымдарының ұстаздары  
арасында аудандық «Ұстаз барысы-2025»  
турнирі өтті .

🏆 Сайыстың мақсаты – қазақ күресін  
дамыту және ұстаздар арасында  
салауатты өмір салтын насихаттау.

🏆 Сайыс нәтижесінде:

🥈 66 кг салмақ дәрежесінде Әбдіғани  
Рахат 2-орын,

🥇 74кг салмақ дәрежесінде Нарбаев  
Мереке 1-орын(облысқа жолдама)

🥇 90 кг салмақ дәрежесінде Ергенбай  
Әділет 1-орын(облысқа жолдама) жүлделі  
орындарға ие болды. Жеңіс құтты  
болсын!!!

